

## **Қазақстан Республикасына инвестицияларды ірі ауқымда тарту және оларды кепілдікпен қамтамасыз ету туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 12 наурыздағы N 66 "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 28 ақпандағы Заңына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасына инвестицияларды ірі ауқымда тарту және оларды кепілдікпен қамтамасыз ету мақсатында:

1. Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі департамент:

бір апта мерзімде Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетіне республикалық және коммуналдық меншіктердің, сондай-ақ мемлекеттік акциялар пакеті сатуға берілмеген акционерлік қоғамдардың тізбесін тапсырсын;

шетел инвестицияларын тарту мақсатында кепілдік қорын құру үшін кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдардың тізбесін бекітсін және Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетімен контрактілер жасау бойынша оларды кепілдікпен қамтамасыз етуді ресімдеу рәсімдерін жүзеге асырсын.

2. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті кепілдік қорды құруға қажетті кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдардың тізбесін іріктеу мен қалыптастыруды жүзеге асырсын.

3. Кепілдік қорға енгізілген кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдарды жекешелендіру туралы шешім Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің келісімі бойынша қабылданады деп белгіленсін.

Премьер-Министр